

**№3 Мәртөк орта мектебінің 1 «А»класс жетекшісі Сеілхан Тацшолпанның тәрбие жұмысы бойынша жүргізілген жұмыстарының II жарты жылдық қорытынды есебі**

**Биылғы 2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысының мақсаты:**

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу. Оқушылар бойында азаматтық сана, адамгершілік, толеранттылық, жалпы мәдени, салауатты өмір салты, шығармашылық қабілетін іске асырудың жоғары деңгейін қалыптастыру, ұлттық тәрбиежүйесін дамыту және жаңғырту, патриотизмге тәрбиелеу.

Оқу жылының соңында 1 «А» класында барлығы 17 оқушы болды 7 ұл, 10 қыз бала. Жыл басында тәрбие жұмысының жылдық жоспары құрылып, сол бойынша жұмыстар жүргізілді. Класта отбасының әлеуметтік жағдайы төмен оқушылар 2-еу жок және толық емес отбасы 3-еу. Көп балалы отбасынан 8 оқушы бар.

Қаңтар айының басындағы сабағымызды «Экология және біз» тақырыбымен бастадық. Оқушыларға табиғатты қорғау, экологиялық тәрбие негіздерін қалыптастыруды, қоршаған ортаның сапасы және ластануы туралы, сыртқы ортаның барлық факторларының бір-біріне байланыстылығы, оның ішінде біз және табиғат байланыстылығын білуге үйреттім.

«Дені сау ұрпақ жарқын болашақ», «Дені саудың жаны сау» атты тақырыптарында оқушылардың салауатты өмір салты жайлы білімдерін тереңдетіп, зиянды заттар мен әдеттердің ағзаға тигізетін әсерін ұғындыру арқылы өз денсаулықтарына жауапкершілікпен қарау сезімдерін дамытып, денсаулық сақтауға, тазалыққа, ұқыптылыққа, әдептілікке баулу, салауатты өмір салтын сақтауға тәрбиеледім. «Бақытты отбасы зорлық зомбылықсыз әлем» тақырыбында оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Оқушыларға жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті де тұлға болып өсуін тәрбиелеу.

Ақпан айында «Кітап білім ордасы», «Кітап білім қазынасы» атты тақырыптарда оқушыларға білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызын, ғылым мен білімінің пайдасы жөнінде түсіндіру. Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Оны күтіп ұстауға тәрбиеледім. «Біздің тілегіміз - достық» тақырыбында оқушыларға достың адам өміріндегі маңызы, орны туралы, достықтың шынайы белгісі туралы айтып түсіндірдім. Оқушылады адамгершілікке, имандылыққа, адалдыққа, тату, мейірімді болуға тәрбиеледім. Әр балаға өзінің досының жақсы жақтарын үлгі тұтып, сол жақсы қасиеттерін көріп өз бойына сіңіре білуге және өз досын дұрыс танып білуге үйреттім.

Наурыз айында «Ана біздің –гүліміз!» шарамыздың мақсаты 8 - наурыз - Халықаралық әйелдер мерекесін атап өту. Анаға деген мейірімді, сүйіспеншілікті арттыру, үлкенге ізет, кішіге үлгі бола білуге үйрету. Оқушы бойында ізгілік, инабаттылық, биязылық сияқты қазақ қызына тән жақсы қасиеттерді қалыптастыруға тәрбиелеу болды. «Көрісу күні!», «Әз -Наурыз» атты сабағымыздың мақсаты оқушыларға Ұлыстың ұлы күні туралы толық мағлұмат беру, халқымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын үйрете отырып, Наурыз қазақтың ұлттық мейрам екенін ашып көрсету; оқушылардың санасына халқына деген мақтаныш сезім ұялату, өнерін, мәдениетін қастерлей дамыта оқытып үйрету; мерекеге байланысты ұлағатты сөздердің



ғынасына қарай оқушыларды адамгершілікке, елін, Отанын сүйуге, ұлттық салт-стүрді дәріптеуге тәрбиелеу болды.

зәуір айында «Қазақстан бірлігі мол ел» тақырыбында бастадым. Оқушыларға азақстанның көпұлтты мемлекет екендігін, және біздің мектептің өзінде басқа ұлт кілдері оқитындығын олармен бірге тати болу керектігін ұғындыру; барлық ұлт кілдері достық, бейбітшілік, тыныштықты қалайтыны туралы мәлімет беру. Оларды ірлікке, татулыққа,ынтымақты болуға шақыру. Бір-бірін сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу болды. «Денсаулық – зор байлық», «Тазалық денсаулық кепілі» атты гақырыптарда оқушылардың денсаулық құндылықтары туралы түсініктерін кеңейтіп, тазалық құралдары туралы айта білуге, оларды пайдалана білуге үйретім. Қоршаған ортаны таза ұстап аялауға, өз денсаулығын сақтай білу іскерлігін дамытып, оқушыларды болашақтың тірегі болатын дені сау, жан-жақты азамат етіп тәрбиеледім. «Зиянды заттардан жиренейік» тақырыбында оқушыларды жаман әдеттерден сақтандыру, ішімділік пен темекінің жас организмге зиянды, әр – түрлі жөтел, асқазан тері аурулары осы никотин мен алкогольдің әсерінен екенін түсіндіру. «Салауатты өмір салты дегеніміз» сабағымызда оқушыларға ағза үшін шынығудың маңызы туралы әңгімелеу, түсіндіру. Сөйлеу, ойлау қабілеттерін арттырып, алған білімдерін дамыту. Ағзаны күн сәулесімен, ауамен шынықтыра түсуге тәрбиелеу болды.

Мамыр айында «Бірлік күні» атты тақырыбымен бастадық. Оқушыларға Қазақстан Республикасы әлемде ең алғашқы мемлекеттердің бірі болып сырттан келген басқа ұлт өкілдеріне алтын бесік болғандығын ұғындыру Қазақстандық патриотизмге, елін, жерін сүйуге және халқын құрметтеуге тәрбиелеу. Басқа ұлт өкілдерінің мәдениетін, әдет-ғұрпын сыйлауға үйрету. «Ержүрек батырлар!» атты сабағымызда Оқушыларға Ұлы Отанды сүйуге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу. Отанын, елін қорғай білуге тәрбиелеу. «Менің сүйікті ертегі кейіпкерлерім» сабағымызда ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Ойдан салу, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Балаларды өзі жақсы көретін ертегі кейіпкерлерін қағаздан қиып, желімдеп орналастыруға үйрету болды. Сабақ соңында «Жаз кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен» таныстырып қолхат алдым.

II жарты жылдықта жасалған жұмыстар қорытылып, ата-аналар жиналысы өткізілді. Оқушылардың жеке іс қағаздарына қол қойылып, жазғы демалыста қауіпсіздік ережелерін сақтау қажеттілігі туралы айтылды.

**Ұсыныс.** Келесі жылғы мақсат міндеттерімді ары қарай жалғастырып, оқушылардың бойында ізгілікті, адамгершілікті қасиеттерді қалыптастыра отырып, бәсекеге қабілетті жеке тұлға болып тәрбиеленуге бағыт бағдар беру және саналы, ойлы, өзін - өзі ұстай білетін азаматтар болуға тәрбиелеуге жұмыстанамын. Осы мақсатымды іске асыру үшін төмендегідей міндеттер қоямын.

1.2-ші класс оқушыларын мектепшілік ережелермен таныстырып, қоғамдық жұмыстарға араластыру.

2. Аудандық, мектепшілік үйірмелерге қатысу.

Класс жетекшісі:

*Т.Сейт*

Сейлхан Т.А



































